20736599490

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 19 қаңтар № 7119-23-00-2/15899 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Адал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айнұр Татубайқызы Сәдуақас

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Адал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айнұр Татубайқызы Сәдуақасты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Адал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айнұр Татубайқызы Сәдуақас мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Адал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айнұр Татубайқызы Сәдуақастан мемлекет пайдасына 39 312 (отыз тоғыз мың үш жүз он екі) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 19.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Искалиева А. С., 27.02.2024
7119-23-3-1/15748

Жауапкер «Адал» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айнұр Татубайқызы Сәдуақастан мемлекет пайдасына 2904 (екі мың тоғыз жүз төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 19.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Искалиева А. С., 27.02.2024

7119-23-3-1/15748